

«Менің есімім» республикалық шығармашылық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында «Менің есімім» шығармашылық жұмыстарының республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: есімдердің пайда болу тарихымен, этимологиясымен және мағынасымен білім алушыларды таныстыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

өскелең ұрпақты белсенді өмірлік ұстанымында қалыптастыру;

талантты балаларды анықтау және қолдау;

адам есімін құрметтеуге тәрбиелеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2016 жылғы 20 қаңтардан 12 наурызға** дейін балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 2 наурызға дейін** iao.konkurs@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249312, 87718307957 Кенжебек Хұрметұлы.

7. **2016 жылғы 2 наурыздан кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. ????

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент)

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО Банк Центр Кредит

Төлемақының мақсаты: «**Менің есімім**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, iao.konkurs@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 12 наурызда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау талаптары

12. Байқауға 12-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

12-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«**Менің есімім қандай мағына береді?**» (эссе).

«**Мен және менің есімім**» презентация (слайд).

14. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады.

Бірінші бет титул парағы болып табылады, онда беттік нөмір қойылмайды. Эссенің барлық беттері нөмірленуі керек. Жұмыс (MS Word) мәтіндік редакторда басылады. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный).

Құжат doc, docx форматында болуы керек.

Презентация 5 беттен аз болмауы тиіс.

Бірінші титул парағында міндетті түрде номинацияның аталуы, автордың аты-жөні көрсетілуі тиіс.

Слайдтарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Стиль (безендіру бірыңғай болуы тиіс);

Өң (өң үшін суық түстер қолдану қажет).

Өңді қолдану (бір слайдта үш түстен артық түс қолданылмайды: біреуі өң үшін, біреуі тақырып үшін, біреуі мәтін үшін).

Анимациялық әсерлер (слайдты көрсетуге компьютерлік анимацияның мүмкіндіктерін пайдаланыңыз).

Ақпаратты көрсету:

қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз;

Қаріптер (шрифт), (тақырып үшін – 24-тен кем емес , ақпарат үшін – 18-ден кем емес).

15. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

16. Байқау жұмысының беткі парағын ресімдеу тәртібі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні, жасы;

сыныбы, курсы, оқу орны, e-mail;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

педагогтің лауазымы және жұмыс орны.

17. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бір қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

18. Байқау қорытындысының соңында жеңімпаздардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

19. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Ұрпақ+» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <http://vk.com/pokolenie2016>)

20. Байқауды бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына, мақсатына, міндеттеріне сәйкестігі;

тақырыптың толық ашылуы;

сауаттылығы;

заманауи тілдің стилистикалық нормаларының сақталуы;

ресімдеу эстетикасы;

презентацияның әсерлілігі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау

21. Байқау қорытындысы бойынша Әділқазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

22. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары автоматты түрде жүктеу мүмкіндігі бар <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында орналастырылады.